

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ
2024 жылға арналған
Корпоративтік оқиғалар күнтізбесі

№ п/ п	Мәселені тұжырымдау	Қарастыру мерзімі (тоқсан немесе ай)
1	Тәуелсіз аудиторлық ұйымның 2023 жылғы қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша есебін қарау және қоғамның 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту.	Наурыз-сәуір 2024 ж.
2	Қоғамның 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының 2023 жылға орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы (аудиттелген деректер).	2 - 3-тоқсан (аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін – он бес жұмыс күні ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қыркүйегінен кешіктірмей)
3	Жалғыз акционерге қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштерінің болуы/болмауы және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат енгізу.	2024 жылғы сәуір-мамыр.
4	2023 жылға Қоғамның жылдық есебін бекіту туралы	2 - 3-тоқсан (2023 жылға арналған Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін)
5	Қоғамның 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын жартыжылдық нақтылауды бекіту (2024 жылғы 1 жартыжылдық кезең).	Қажеттілігіне қарай 2024 жылғы 1 мамырға дейін

		(жартыжылдық аяқталатын күнге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей)
6	Қоғамның 2023 жылға арналған даму жоспарының іске асырылуын бағалауды бекіту.	2024 жылғы мамыр-маусым (бірақ 2024 жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей).
7	Қоғамның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау және ұйымның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау үшін Жалғыз акционерге ұсынымдар беру	2024 жылғы қараша-желтоқсан.
8	Қоғамның 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын жартыжылдық нақтылауды бекіту (2024 жылғы 2 жартыжылдық кезең)	2024 жылғы 1 қарашаға дейін (жартыжылдық аяқталатын күнге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей)
9	Қоғамның 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын жыл сайын нақтылауды бекіту	2024 жылғы 20 желтоқсанға дейін
10	Төмендегі мәселелерді қарастыру: 1) басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; 2) басқарма басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау; 3) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен	Қажеттілігіне қарай

	сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау арқылы жүзеге асырылады; 4) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;	
11	Ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау	Қажеттілігіне қарай
12	Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Жалғыз акционер бекіткен жағдайда алдын ала қарау) туралы.	Қажеттілігіне қарай
13	Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және туралы Ережелерді бекіту және (немесе) ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қажеттілігіне қарай
14	Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында, қоғамның жарғысында және өзге ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау.	Қажеттілігіне қарай

Корпоративтік хатшы



Н.Жукокова